Оқу пәндерінің базалық мазмұны толық игерілген;

#### 2022-2023 оқу жылы бойынша:

Оқу пәндерінің базалық мазмұны толық игерілген;









#### 2021-2022 оқу жылы бойынша:

2021-2022 оқу жылында Ақмола облысы білім басқармасының 06.01.2022 жылғы № 2 бұйрығы бойынша (Қаңтар оқиғасына қатысты төтенше жағдай) қысқы каникул мерзімі ұзартылған. Оқу бағдарламасының мазмұны толық меңгертілген. Тақырыптар “Күнделікке” күндер қосылып көрсетілген.

### **5. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУГЕ ЖӘНЕ СУБЪЕКТИВТІ ЖАҢАБІЛІМДІ МЕНГЕРУГЕ, ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІ, МӘДЕНИЕТТІ ЗЕРДЕЛЕУГЕ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ**

#### 5.1. Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жоспары негізінде атқарған жұмыстарының есебі

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау. ҚР БҒМ-нің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, 8 бағыты бойынша тәрбие жұмысы іске асырылды.

	<i>Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие</i>
	<i>Рухани-адамгершілік тәрбие</i>
	<i>Ұлттық тәрбие</i>
	<i>Отбасы тәрбиесі</i>
	<i>Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие</i>
	<i>Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие</i>
	<i>Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі</i>
	<i>Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты</i>

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты (құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде жобалар бойынша тәрбие жұмыстары ұйымдастырылды.

2021-2022 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар басшылыққа алынады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

## **Тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар**

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыттарына және жобалар бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылып, төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбие» білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастырады. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие бағыты бойынша Білім күніне арналған алғашқы сабақ «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында өткізілді. ҚР Президентінің 2021ж. 1-қыркүйек «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы бойынша барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында Оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру; олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру мақсатында С. Жүнісовтың өнегелі ғұмыры» және «Адалдық пен әділдікті ту еткен Мәлік Ғабдуллин» тақырыбында Адалдық сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаты барысында оқушыларға Ақмола облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті ұсынған бейнежазбалары көрсетілді. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша «Бала құқығы-адам құқығы» айлығы жоспарына сәйкес төмендегі іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектеп психологы Какимжанова Д.Ш. құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында сауалнама, сынып жетекшілер тәрбие сағаттарында «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында Балалардың құқықтарын және Бала құқықтары туралы Конвенцияның баптарын түсіндіру бойынша бейнероликтер көрсетті. Тәрбиешілер Г.А.Кудулова, Б.Ж.Маханбетова, Б.Ш.Қасымбекова «Өз құқығыңды білесің бе?», Г.С. Сембаева, А.К. Досжанова «Құқықтық турнир», Г.А. Кудулова, Б.Ж.Маханбетова «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», К.А. Атетова «Қоғамдағы буллинг мәселелері» тәрбие сағаты, «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тренингі, «Әр баланың құқығы бар» сурет, эссе байқауы, Мектеп парламенті «Балалар мүддесі үшін»–Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы жетістіктері дебат, 7-9 сынып тәрбиешілері «Мен өз құқығымды білуге тиіспін» сахналық қойылымдар және «Бақытты ана – бақытты бала – бақытты отбасы - бақытты ел» 7-сынып ата-аналарының жиналысы өткізілді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспары бойынша

өткізілді. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында тәрбие сағаттары, кітапханашы Жунусбекова А.Ш. «Біз оқитын 30 кітап» кітап көрмесі, Зейнулаева Ж.Б. Хасенова А.С. «Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз» интеллектуалдық танымдық ойыны, Кудулова Г.А.Тәуелсіз-елім Қазақстан» атты Тәуелсіздік күніне арналған викториналық ойын, Касымбекова Б.Ш. «Ұлы дала Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлері» тақырыбында саяхат-ойын, сынып жетекшілер «Теңге – Тәуелсіздік келбеті», «Ұлттық валютамыз –тәуелсіздігіміздің көрсеткіші», «Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш ЕЛБАСЫ» сынып сағаттарын, Жунусбекова А.Ш. «Тәуелсіздік–азаттығым бақ күнім! зияткерлік ойын, «Қылқалам» үйірмесі және 7-11 сыныптары «Жаса, жайна Тәуелсіз Қазақстан» көрме, Шокаев А.Е. 9-10 сынып оқушылары арасында «Отан қорғаушы» әскери-қолданбалы жарыстар, А.Шайхан, А.Мұратұлы «Спорттық эстафеталық ойындар», баскетбол, тоғызқұмалақ, асық ату, үстел теннисінен жарыстар ұйымдастырды. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік салтанатты жиын, 7-сынып оқушыларын «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдауы өткізілді. «Домбыра сазы», «Театр және көркем сөз», «Балауса» би тобы, «Вокал» үйірмелері мерекелік концерт дайындады.

**Рухани-адамгершілік тәрбие**–адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастырады. Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында «Бір үйдің баласыңдай» 7-сынып оқушыларын қабылдау кеші, «Қарттарымызды қошеметтейміз!» құттықтаулар, «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!» мерекелік кеш, «Адамзаттың ұлы ұстаздары» «Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл», Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай,Халықаралық қыздар күніне арналған және «Жалпыадамзаттық құндылықтар» күніне орай іс-шаралар ұйымдастырылды. 9б сыныбы, сынып жетекшісі А.Д.Ахат. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері, Жазушылар Одағының басқарма төрағасы, Ұлықбек Есдәулет, филология ғылымдарының докторы, профессор, журналист, публицист, ақын, аудармашы Жақып Бауыржан Өміржанұлы және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы Дәулеткерей Кәпұлымен өткен «Поэзия пырақтары» атты кездесуге қатысты.Ж.Оңғарбайқызы, М.Б. Муратов «Ыбырай Алтынсарин-Ұлы даланың дара ұстазы» дөңгелек үстел өткізді.

**Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру** мақсатында жаңа оқу жылында гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы арқылы іске асырылды. Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында «Қазақстанның 100 жаңа тұлғалары» жобасының жеңімпаздары туралы зерттеу жұмыстары, тәрбие сағаттары өткізілді. Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда» атты оқырман сағаты. А.Ш. Жунусбекова, «Қылқалам» үйірме тәрбиеленушілері «Менің Отаным - Қазақстан» сурет көрмесі, 7- сынып тәрбиешілері «Ұлы дала Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлері» тақырыбында саяхат-ойын ашық тәрбие сағаты, 8- сынып тәрбиешілері «Бір әннің тарихы», «Өлкетану» үйірмесінің жетекшісі С.А. Алпыспаева «Өңірдің тарихи-мәдени мұра объектілерінде мектеп оқушылары үшін «Өлкетану» бойынша тақырыптық сабақ өткізді. «Домбыра сазы» үйірмесінің жетекшісі Ж.Жәдігерұлы «Даламды күймен тербедім» Домбырашылар челленджи, «Дебат қозғалысы» жобасы аясында «Жаңа ұрпақ» дебат клубы «Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі», «Ұлттық тәрбие дегеніміз не?», «Ер жігіт екі сөйлемейді» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында пікір-сайыстар өткізілді. 10- сынып тәрбиешілері «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» ақпараттық сағат, Наурыз мерекесіне орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 7-8 сынып оқушылары арасында «Батаменен ел көгерер» атты байқауы өткізілді.

**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылардың бойында** еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі. «Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде А.Д. Ахат, К.М. Куспекова «Болашақ бүгіннен басталады» тәрбие сағаты, С.С. Шаяхметова «Мұндай мамандықтар бар» презентациялар байқауы, С.А. Алпыспаева «Ізденіс, еңбек, талпыныс-жетістік кілті» кездесу. «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы сынып жетекшілер мен тәрбиешілер экологиялық сынып сағаттарын, Мектеп Парламенті «Қоқыссыз әлем» науқанын, «Фотоохота» байқауын өткізді. А.А. Жахина, К.А. Атетова «Туған жердің – асыл қазынасы», «Қоршаған ортаны аялайық тәрбие сағаттарын өткізді.

**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие** білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. Осы



бағытты іске асырудың негізгі өткізілген іс-шаралар:Музейлерге, театрғаэкскурсиялар,«Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» байқау «Қош келдің, Жаңа Жыл-2022!» кеші, Алғыс айту күніне арналған «Ақ жүрекпен» көркем жұмыстар көрмесі, 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем бесігін тербетін жан-АНА» мерекелік бағдарлама, 1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан» достық фестивалі.

**Зияткерлік тәрбие құндылығы** білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы «Ұшқыр ойлы жұлдыздар», «Тәуелсіздік шежіресі», «Квест» зияткерлік сайыстар, «Лидер қандай болу керек?», «Лидерге қажетті қасиеттер мен қабілеттер» танымдық ойындар өткізді. Дебат клубы«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру шеңберінде ай сайын дебаттық турнирлер ұйымдастырылды.

**Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының**, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты. Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері А.Мұратбекұлы, З.Рахат спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, 7 сәуір –Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» денсаулық күнін,«Отбасылық эстафеталық ойындар», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды, Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!», «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» денсаулық сабақтарын, Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десең...» бюллетень сайысын өткізді.

## 5.2 Қосымша білім беру

Сыныптан тыс үйірме жұмыстары келесі бағыттарда жүзеге асырылды: көркемдік-эстетикалық, өлкетану, оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру және дене шынықтыру-сауықтыру. Үйірме жұмыстары оқушылардың зияткерлік қабілеттерін түзету мен дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға бағдарланды.

<https://www.instagram.com/reel/CofmYaovpKH/?igsh=MXI1bWV2dng0MH13>

**2021-2023 оқу жылындағы оқушылар үйірмелерге қатысуы**



Үйірмелер атауы	Сыныптар									
	7а	7б	8а	8б	9а	9б	9в	10а	10б	10в
Домбыра сазы	9	6	7	6	7	6	6	5	3	6
Робототехника	14	5	6	7	6	12	8	5	7	8
Өлкетану								5	4	11
Медиа алаң	3	4	1	2	11	11	6	8	5	3
Жас тілші	5	5	3	2	7	8	5	5	2	3
Ұлттық қолөнер					8	8	7	5	4	4
Би	6	4	4	3	6	6	5	5	-	4
Қылқалам	8	9	7	8	4	6	4			
Театр және көркем сөз	9	9	7	5		2	3	3	4	2
Көшбасшылық мектебі					8	12	3	4	9	8

### Спорттық секцияларға қатысуы

Үйірмелер атауы	Сыныптар											
	7а	7б	8а	8б	9а	9б	9в	10а	10б	10в	11а	11б
Баскетбол	4	4	6	9	12	17	14	13	12	13	15	10
Волейбол	6	5	6	8	13	15	12	13	12	13	15	10
Теннис	3	5	3	4	12	12	7	6	5	7	5	5
Шахмат	3	4	4	4	3	4	6	4	5	2		
Ұлттық ойындар (тоғызқұмалақ, асық ату)	12	12	9	8	6	7	8	5	4	7		
Қазақша күрес					4	3	4	3	4	3		

Жалпы алғанда барлық секциялар мен үйірмелерге қатысатын барлық оқушылардың саны 100% оқушыны қамтып отыр. Әрине, бұл оқушылардың ішінде бір оқушының бірнеше секциялар мен үйірмелерге қатар баруы да байқалады. Бұны оқушыларымыздың спорттық секциялар мен үйірмелерге едәуір қызығушылық танытуының арқасы деп білген жөн. Сонымен қатар, мектебімізде секциялар мен үйірмелерден басқа «олимпиадалық резерв» дайындайтын мұғалімдердің және жоғары сынып оқушыларының жеке дара жұмыстары да өткізіледі. Бұл оқушылардың бос уақытының дұрыс қамтылуына тікелей әсер етері сөзсіз.

## Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының тиімділігі

Мектеп-интернатында Мектеп Парламенті және «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан белсенді өзін-өзі басқару оқушылар ұйымы өз жұмысын атқарып келеді. Бұл ұйымның басқару жүйесін 7-11 сынып оқушылары ұйымдастырады.

Әрине, бұл ұйым тәрбие және оқу ісі бойынша атқаратын қызметіне зор көмегін тигізеді. Яғни мектеп ішіндегі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда, спорттық ойындарды ұйымдастыруда және өткізуде, сондай-ақ оқушыларды түрлі білім сайыстарына тарту және қатыстыруда біршама істерді жүзеге асырып жатады. Өзін-өзі басқару ұйымы «Жаңа ұрпақ» дебат, «Сырғалым» қыздар клубы және «Адал ұрпақ» еріктілер клубына басшылық жасайды.

Өзін-өзі басқару Мектеп Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының бірлескен жоспарына сәйкес мектепте ұжымдық шығармашылық істер, акциялар, десанттар, ойындар, КВН, дебаттар ұйымдастырылады. Барлық атқарылған істер жеке инстаграм парақшасында жарияланып отырады. [https://www.instagram.com/parliament\\_of\\_darynschool?e=ec4669da-7918-45e7-94f8-60f8301d0576&g=5](https://www.instagram.com/parliament_of_darynschool?e=ec4669da-7918-45e7-94f8-60f8301d0576&g=5)

<https://www.instagram.com/reel/C0lTfm6MIfk/?igsh=MXEwa3hkN2ppczEzeg==>

### 5.3. 2021-2022 оқу жылындағы оқушылардың шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері

<https://sc0026.kokshetau.aqmoedu.kz/content/3315-31-01-22-19-10-45-2021-2022-uchebnyy-god>

№	Конкурстар, жарыстар мен байқаулар	Оқушының ТӘЖ	Сынып	Алған орны	Жетекшінің ТӘЖ
1.	Республикалық «Адольф Янушкевич и Страна Великой Степи» арт-конкурсы	Ким Камила	9	3	Шаяхметова С.С.
2.	Республикалық Абай мектептері желісі оқушылары арасында Тәуелсіздіктің 30	Әміржан Нұрлы	9	Бас жүлде	Каратаев Е.А.

	жылдығына ұйымдастырылған «Менің Қазақстаным» ән-жыр байқауы				
3.	«Тәуелсіздік-бәрінен қымбат» атты республикалық ақындар мүшәйрасы	Әбдрайым Әлайдар	8	1	Муратов М.Б.
4.	Республикалық Абай мектептері желісі оқушылары арасында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына ұйымдастырылған «Елімнің 30 ғажайып ғимараты» қолөнер байқауы	Атымтай Бекзат	10	1	Шаяхметова С.С.
5.	Республикалық «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық сайысы	Сашкақызы Камила	8	Бас жүлде	Муратов М.Б.
6.	Республикалық «Өнерлі өрге жүзер..." Көркем және сәндік-қолданбалы өнер байқауы	Қорқытбаева Ділназ	7	2	Шаяхметова С.С.
7.	Республикалық Абай мектептері желісі арасында эсселер байқауы	Жайлаубаева А.	10	2	Оңғарбай Ж
		Аманжол Аяжан	7	2	Оңғарбай Ж
		Балсеит Елдана	10	2	Муратов М.Б.
		Сулейменова Г.	11	2	Ахат А.Д.
		Әміржан Нұрлы	9	3	Ахат А.Д.

8.	Облыстық «Театрдың ғажайып әлемі» байқауы	Дулат Әділхан Қажыбай Бекарыс Қабылжапарова М Мекенбек Ақмарал Құмарбек Еркебұлан Бейсенбай Жұлдыз Бұлғанхан Мәди	«Драмалық спектакль»	3	Сарсенбаев М.
		Қажыбай Бекарыс	«Үздік орындаушылық шеберлік»	Грамота	Сарсенбаев М.
9.	Облыстық «Жас тарихшылар мен өлкетанушылардың» форумы	Қайрат Жансая	10	3	Әдей Ж.
10.	«Қазақстан балалары шексіз әлемде» облыстық балалар киносы байқауы	Керімбекова Еңлік	8	1	Әдей Ж.
11.	«Менің Отаныма – менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауы	Байқадам Жансұлу	8	1	Алпыспаева С.А.
		Жайлаубаева А.	10	1	Әдей Ж.
		Қайрат Жансая	10	1	Әдей Ж.
		Хойшыбай Назым	10	2	Әдей Ж.
		Касенова Дария	8	3	Алпыспаева С.А.
		Аманжол Лаура	8	3	Кайржанова М.Н.
		Балтабек Малика	10	3	Әдей Ж.
Абилкасымова А.	8	Грамота	Кайржанова М.Н.		
12.	«Жас тарихшылар мен өлкетанушылардың» облыстық ғылыми жұмыстар мен жобалар байқауы	Адилбекқызы Аружан	10	1	Алпыспаева С.А.

13.	«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының облыстық іріктеу кезеңі	Борамбай Гүлімай	10	2	Шаяхметова С.С.
14.	"Шеберлер қаласы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз: облыстық өлкетанушылық сәндік-қолданбалы шығармашылық байқауы	Рябова Мирослава	10	3	Шаяхметова С.С.
15.	«JasSkills Aqmola-2022» чемпионаты	Қаһарман Нұрмұхаммед	9	3	Шарипов А.Б.
16.	«Қасиетті домбыра» облыстық байқауы	Муратов Әліби	8	2	Каратаев Е.А.
17.	Облыстық «Бала би» шешендік өнер байқауы	Сашқақызы Камила Әбдайым Әлайдар	8	1	Муратов М.Б.
18.	ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған "Мың бала " мәдени-ағартушылық жобасы аясында "Өнерлі өрге жүзер" домбырашылар байқауы	Балсеит Елдана	10	3	Жасқайрат Жәдігерұлы
19.	Облыстық «Үздік Ұланбасы-2021» байқауы	Дулатова Алуа	9	2	Кайржанова М.Н.
20.	«Qazaq Epos» республикалық ағарту жобасы аясында "Батырлар жыры» облыстық	Аманжол Аяжан	7	Грамота	Жұлдыз Оңғарбай

	конкурсы				
21.	Облыстық «Қазақстан эрудиті» байқауы	Исламбекова Аружан	8	Грамота	Кожаметова Р.З.
22.	Ақмола облысы "Рухани жаңғыру" өңірлік жобасының кеңсесінің ұйымдастыруымен өткен «Ой аламан» интеллектуалды ойыны	Ким Камила Дулатова Алуа Башарова Дариға Тасбулат Мадина	9	Диплом 15 мың теңге ақшалай сертификаты	Кайржанова М.Н.
23.	«Жақсы кітап-жан азығы» облыстық сырттай конкурсы	«Абай клубы»	8-9	3 орын 30 мың сертиф.	Жунусбекова А.Ш. Ашимғалиева Т.Ө.
24.	«Ұлы өнертабысқа алғашқы қадам» атты қалалық робототехника сайысы	Қайролла Алихан Албаев Алтаир	9	3 орын, 10 мың, серт	Жарғұльбаев А.Е.
25.	«Ұлы өнертабысқа алғашқы қадам» облыстық робототехника конкурсы	Смагулов Бекзат Тлеулин Нұртас	9	1 орын	Жарғұльбаев А.Е.
26.	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының облыстық слетінде мектеп клубтарының байқауы	Әміржан Нұрлы Албаев Алтаир Блиспекова Ж. Даукенова Айнаш Қайырбек Дарина	9	2	Кайржанова М.Н.
27.	"Ризашылық-мейірімділік бұлағы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында өткізілген	Башарова Дариға Дулатова Алуа	9	Үздік фракция	Кайржанова М.Н.

	оқушылар арасындағы "Ұшқыр ой алаңы" облыстық пікір-сайыс турнирі				
28.	Облыстық «Үздік Ұланбасы-2022» байқауы	Дулатова Алуа	9	1	Кайржанова М.Н.
29.	«Birgemiz:Taza-Álem» республикалық жазғы экологиялық науқаны	Тасбулат Мадина, Балсеит Елдана, Қайырбек Дарина	9-10	Сертиф.	Кайржанова М.Н.
30.	Республикалық "Адам құқықтары-Менің құқықтарым" атты бейнероликтер флешмобы	А. Даулетбаев, Н.Тлеулин, А. Әділбекқызы	9-10	Алғыс хат ҚР Адам құқық. жөнін. Уәкілі атынан	Алпыспаева С.А.
31.	«Балалар жылы» аясында Ақмола облысы әкімінің кубогына арналған мектеп оқушылары арасындағы облыстық пікір-сайыс турнирінде	«Саналы қыздар» командасы, құрамында Дариға Башарова, Алуа Дулатова	9	1- орын, Ақмола облысы әкімінің кубогы.	Кайржанова М.Н.
32.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Көкшетау қаласының жалпы білім беретін мектептері арасында «Отан қорғаушы» әскери-спорт кешенінің нормативтерін орындау бойынша	Мектеп командасы	10	1	Шокаев А.Е.

	қалалық жарыстары				
33.	Қазақ күресінен "Жас барыс" республикалық турниріне облыстық іріктеу чемпионаты	Даулетбаев Адиль	9	3	Шолимов Е,Ш.
		Теміржан Жантемір	9	3	
34.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдағына арналған тоғызқұмалақтан жасөспірімдер жекелей біріншілігі	Муратова Мерей	7	1	Шайхан А. Мұратбекұлы А.
		Муратова Нұрай	7	3	
		Тогтай Иманғали	7	3	
35.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған тоғызқұмалақтан қалалық жарыста	Балтабек Малика	10	1	Мұратбекұлы А.
36.	Ақмола облысында балалар-жасөспірімдер қозғалысын дамыту орталығын ұйымдастыру әлеуметтік жобасы аясында мектеп оқушылары арасында «Асық PARTY» облыстық байқауы	Қыздар командасы: Башарова Фариза Серік Аяжан Габдуллина Аяулым	7-10	3	Шайхан А. Мұратбекұлы А.
		Ұлдар командасы: Теміржан Жантемір Сақтағанов Арлан Мусин Аждар	9-11	1	
37.	Қазақ күресінен балалар жылына арналған қалалық жарысы	Сабыр Хакимхан Махмет Алаш Қажыбай Бекарыс	7-8	1 2 1	Шолимов Е,Ш.



38.	Республикалық "SportFest Kazakhstan" мектеп спартакиадасының аймақтық іріктеу ойындары әскери-қолданбалы спорт жарыстары	Мектеп командасы	10-11	3	Шокаев А.Е.
-----	--	------------------	-------	---	-------------

### 2022--2023 оқу жылына ұсыныстар:

- Ең үздік тәрбие сағаттарын бейне-материалдарын мектептің инстаграм парақшасында жариялау;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық - педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
- Сынып жетекшілер мен тәрбиешілердің тәрбие қызметін жетілдіру;
- Балалардың әртүрлі жұмыстармен көбірек қамтылуы мақсатында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мен Мектеп парламенті өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру;
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.

### 5.4. 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жоспары негізінде атқарған жұмыстарының есебі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

*Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс*

**Тәрбие мақсаты:** жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

#### Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы

мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

2.Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3.Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4.Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5.Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

6.Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

7.Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8.Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

9.Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.

10.Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

### **Күтілетін нәтижелер:**

#### **Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:**

\*Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;

- \*Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- \*Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- \*Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- \*Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- \*Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- \*Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- \*Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- \*Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

### **Тәрбиенің басым бағыттары:**

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

### **Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру**

Мектептің тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Сабақтан тыс қызмет шеңберінде мынадай жобалар іске асырылады:

- «Отбасы-орта мектеп»,
- «Оқуға құштар мектеп»,
- «Еңбек–елдің мұраты»,
- «Ерте жастан экологиялық мәдениет»,
- «Қоғамға қызмет»,
- «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру.


2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде тәрбие тұжырымдамасына сәйкес атқарылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынып, келесі басымдықтарға мән беріледі:

- ✓ Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;
- ✓ Діни сауаттылықты арттыру;
- ✓ Әлеуметтік-психологиялық жұмыс;
- ✓ Сыбайлас жемқорлық және құқық бұзушылықтың алдын алу;
- ✓ Салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- ✓ Оқушылардың өзін-өзі басқаруды дамыту.

Тәрбие жұмысының мұндай құрылымы мектептің барлық оқушыларын олардың бейімділігі мен қызығушылықтарын ескере отырып, қамтуға мүмкіндік береді, әр баланың жеке тұлғасының жан-жақты дамуына ықпал етеді.

**Тәрбиенің 8 басым бағыттары бойынша жүзеге асырылған іс-шаралар.**



Тәрбиенің әр бағытының өзіндік ерекшелігімен қажеттілігін ескере отырып, елдің болашағын, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеуде Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағытының маңыздылығын түсінеміз. Осы бағытта сынып жетекшілер мен тәрбиешілер бірқатар іс-шаралар өткізіп, нәтижелі жұмыстар атқарды. Жалпы тәрбие кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан мектеп көлеміндегі жұмыстар қыркүйектің бірінші аптасынан басталды.

2022-2023 оқу жылының басталуына арналған 1 қыркүйек - Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиыны болып бірыңғай сынып сағаттары өтті. **Білім күні білім алушылар мен педагогтар «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық қасиет» тақырыбындағы республикалық онлайн-акциясына қатысты.**

Республика күніне орай «Қыран елім-ҚАЗАҚСТАНЫМ!» іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп оқушылары «Атамекен» тақырыбында патриоттық диктант жазды, 7-10 сынып оқушылар арасында мәнерлеп өлең оқу челленджі, «Қазақстан–менің арманым» тақырыбында дебат ойындары, эссе және сурет байқаулары, тоғызқұмалақтан және асық атудан жарыстар өткізілді.

Ауған Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына арналған Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу – кеші өткізілді. Аталған іс-шараға батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз Саябек Балтабекулы Гарипуллин, Аскар Шугаевич Сағатаев, Махамбет Бастаминович Алинов қатысты. Егеменді еліміздің тыныштығын және бейбітшілігін қорғайтын Отан қорғаушыларды құрметтеуге, патриоттық сезімді насихаттап, тәрбиелеу мақсатында 7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне арналған «Ұранды ердің - ұрпағы қайсар», 9 мамыр – Жеңіс күніне «Бейбіт күн жасасын әлемде» патриоттық іс-шаралар өткізілді. Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру мақсатында 1 мамыр – Бейбітшілік күні «Достық тұғыры бейбітшілікте»

атты фестиваль ұйымдастырылды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы аясында Оқушыларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру; олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру мақсатында «Шындыққа жаны жақын Төлеген Қажыбай», «Қазақ халқының патриоттық рухын дәріптейтін Ілияс Есенберлин» Адалдық сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаты барысында оқушыларға Ақмола облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті ұсынған бейнежазбалары көрсетілді. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын арттыруға және құқықтық мәдениет дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жоспарына сәйкес сынып жетекшілер мен тәрбиешілер білім алушыларды мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды. «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» мақсатында Көкшетау қ. ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ СТ. полиция майоры А.О.Кошкенова қатысуымен кездесу, «Құқықтық тәртіп күні» акциясы аясында Көкшетау ювеналдық полиция бөлімшесінің аға учаскелік инспекторы полиция майоры С.С. Сарбасова құқықтық сауаттылық бойынша кеңес берді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және профилактикалық қауіпсіздік шараларын жетілдіру мақсатында 7-11 сынып оқушыларына «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында Көкшетау қ. полиция басқармасының аға анықтаушысы полиция майоры А.Е. Кыйкова дәріс оқыды

**Рухани-адамгершілік тәрбие** тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту, оның ішінде «Оқуға құштар мектеп», «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер мен жобасын, «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға бағытталған,

Мектепке жаңадан түскен 7-сынып оқушыларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрлі «Бір үйдің баласыңдай» қабылдау кеші, «Қарттарым-асыл қазынам!» атты қарияларымызға мерекелік концерт ұйымдастырылды. «Аялау» мүгедектер орталығына «Қайырымдылық - қайырлы іс» атты қайырымдылық концерт ұйымдастырылып, жана-жылдық тәттілер таратылды. Жалпы 57 сыйлық берілді.

Қайырымдылық жасай отырып ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегіне насихаттау мақсатында «Мейірімділік жүректен» қайырымдылық жәрмеңкесі мен қайырымдылық концерт ұйымдастырылды. Жалпы 501 мың тг. шотқа жіберілді. Мектеп еркітілері «Алақаның ыстық маған аялы» тренингер, «Көңіл сыйла» күнін өткізді.

**Ұлттық тәрбие** шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылында гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы арқылы іске асырылды. 5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күніне орай онкүндік, «Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы», «Ұлтты тану – ұрпақ борышы» бірыңғай тәрбие сағаттары, 1 наурыз - Ризашылық күні. «Алғыс айту-игілік сыйлау» акциясы, «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» атты мерекелік іс-шаралары өткізілді. Мектеп жұмысының негізгі бағыттарының бірі - Отбасылық тәрбие. Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері. Сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарын «психологиялық тренинг», «тәжірибе алмасу», «Педконсилиум», «Ашық есік» күні форматта өткізіледі. Жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашу мақсатында Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы-бақыт мекені!» атты іс-шаралар өткізілді. 7-8 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті отбасым!», «Менің отбасым-менің тірегім» коллаждар, 9-10 сынып оқушылары арасында «Менің отбасымның құндылығы» бейнероликтер байқауы.

**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту. «Үнем–қоғам қуаты» жобасы бойынша «Қоқыссыз әлем», «Эко-әлем» тақырыбында экологиялық сынып сағаттары, «Жер ананы аялайық» сенбіліктер, «Мен жасыл әлемді қолдаймын!» фотоколлаж, «Қоқысқа екінші өмір сыйла» шығармашылық байқауы, «Жасыл мекен» мектеп ауласына ағаш отырғызу акциясы. Кәсіптік бағдар беру мақсатында жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру үшін арнайы кездесулер, жоғары оқу орындарының ашық есік күндеріне қатысты.

**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие** білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. Осы бағытты іске асырудың негізгі өткізілген іс-шаралар: «Күз ханшайымы мен ханзадасы», «Мен ерекше баламын», «Мейірімді бол!» фотоконкурс байқауы, «Көңілді жайдарман» КВН. «Қош келдің, Жаңа Жыл-2023!» кеші, Алғыс айту күніне арналған «Ақ жүрекпен» көркем жұмыстар көрмесі, 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем бесігін тербетін жан-АНА» мерекелік бағдарлама,

**Зияткерлік тәрбие** құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік» тәрбие сағатын, «Үш тілдің бірлігі» «Тапқырлар тартысы» интеллектуалды сайысын өткізді. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы «Ойлан, тап» квест ойынын, «Қоғамдық тәртіп негіздері», «Білім артық па, байлық артық па?», «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» дебаттық турнирлер ұйымдастырылды.

**Дене тәрбиесі салауатты өмір салты**- дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады.

Салауатты өмір салты бойынша жұмыс келесі бағыттарда өткізіледі:

- дұрыс тамақтану;
- қозғалу белсенділігін, дене тәрбиесі мен спортты дамыту;
- нашақорлықтың алдын алу бойынша шаралар;
- ішімдік ішу және темекі шегудің алдын алу бойынша шаралар;
- жеке гигиена және шынығу;
- жыныстық қатынас тәрбиесі (АИТВ\ЖИТС):
- қоршаған ортаны қорғау.

### **Сыныптан тыс жұмыстар тиімділігі**

Сыныптан тыс келесі үйірме жұмыстары келесі бағыттарда жүзеге асырылады: көркемдік-эстетикалық, өлкетану, оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру және дене шынықтыру-сауықтыру. Үйірме жұмыстары оқушылардың зияткерлік қабілеттерін түзету мен дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға бағдарланады. Жалпы алғанда барлық секциялар мен үйірмелерге қатысатын барлық оқушылардың саны 100% оқушыны қамтып отыр.

Әрине, бұл оқушылардың ішінде бір оқушының бірнеше секциялар мен үйірмелерге қатар баруы да байқалады. Бұны оқушыларымыздың спорттық секциялар мен үйірмелерге едәуір қызығушылық танытуының арқасы деп білген жөн. Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту мақсатында қосымша білім беруі жүзеге асыру барысында 7-10 сыныптарға 0,25 ставка (4 сағат) бөлінді, барлығы 36 сағат. Соның негізінде «Робототехника», «Қылқалам», «Театр және көркем сөз», «Домбыра сазы», «Ұлттық қолөнер», «Медиа алаң», «Көшбасшылық мектебі», «Өлкетану», «Би» үйірмелері жүргізілді. Үйірме сабақтарында орта мектепке



арналған оқу бағдарламаларын орындап, оқушының одан арғы бейінін таңдауға, кәсіптік бағдарын айқындауға жағдай жасалды.

### 2022-2023 оқу жылындағы үйірме, секцияларға оқушылардың қатысуы

Үйірмелер	Қатысушылар	Спорттық секциялар	Қатысушылар
Домбыра сазы	22	Баскетбол	25
Робототехника	39	Волейбол	25
Өлкетану	10	Теннис	12
Медиа алаң	10	Шахмат	12
Ұлттық қолөнер	16	Тоғызқұмалақ	12
Би	18	Асық ату	15
Қылқалам	14	Қазақша күрес	19
Театр және көркем сөз	20		
Көшбасшылық мектебі	10		
<b>Барлығы</b>	<b>159</b>		<b>120</b>

### 5.5 Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының тиімділігі

Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет гұрып, салт- санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін- өзі басқарту арқылы қалыптастыру мақсатында мектептегі тәрбиенің кешенді–мақсатты бағдарламасын басшылыққа ала отырып, мектебімізде өзін – өзі басқару ұйымы құрылып, жұмыс жасауда.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде өзін-өзі басқару оқушылар ұйымы өз жұмысын атқарып келеді. Бұл ұйымның басқару жүйесін 7-11 сынып оқушылары ұйымдастырады. Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымы оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, Мектеп парламентінің сегіз фракциясы мен «Жас Ұлан» ұйымының жеті бағытын толығымен қамти отырып, қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытып, оны қоғам игілігіне пайдалануына жағдай жасауда. Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени, жауапкершілікті арттыруға, қарым-қатынас жасауға негізделген. Ұйым

құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында оқушылардың мүдделерін қорғап, ойларын ескеріп отырады. Мектеп өмірінің қызықты, әрі әсерлі өтуі өзін-өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланыста. Мектеп Парламенті бұл бағытта аянбай еңбектеніп, үнемі жаңашылдыққа ұмтылуда.

Мектеп Парламенті 2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында 8 фракция бойынша жоспар құрылды. Өткізілген іс-шаралар бойынша барлық ақпараттар өзін-өзі басқару ұйымы мектеп парақшасы мен мектеп сайтына салынып отырды. Қыркүйек айында Мектеп Парламентінің Президентін сайлауы өтті. Әр үміткер сайлау бағдарламаларымен таныстырып, агитациялық жұмыстар жүргізді. Сайлауда 58 дауыспен Дулатова Алуа жеңіске жетті. Мектеп фракциялары да сайланды. 22 қыркүйек күні Мектеп Президентін ұлықтау рәсімі өткізілді. 26 қыркүйек күні жиында бұйрық шығарылып, жоспармен таныстырылды. Өзін-өзі басқару ұйымын ұйымдастыру үшін мектеп президентімен, мектеп парламентімен отырыс өткізілді. Мектеп президенті Алуа Дулатова әрдайым өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерін біріктіріп, мектептегі тәртіпті қадағалап, оқушыларды барынша мектеп өміріне қатыстырып өзіне қойылған міндеттерді орындап отырды. Мектеп Парламенті оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу бағытында әр түрлі іс-шаралар атқарды. Мектеп Президенті Дулатова Алуа ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің қабысуымен өткен республикалық балалар өкілдерімен диалог алаңына қатысты. Мұндай кездесулер балалар мен министрлік арасындағы маңызды екенін атап өткім келеді. Ағымды жылдың 1 наурыз күні «Болашақ» сарайында облыс әкімі Ермек Маржықпаевтың қатысуымен Алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту – парызым!» атты облыстық форумы өтті. Іс-шараға мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының мектеп парламентінің Президенті Алуа Дулатова қатысып, сөз сөйледі. Өзін-өзі басқару ұйымының мектеп парламентінің көшбасшысы Дариға Башарова «Болашақ» сарайында өткен «Бейбіт уақыттағы жас батырлар» сұхбат алаңына қатысты. Іс-шараға 50 мектептің өзін-өзі басқару ұйымының белсенділері мен өз өмірлерінен қорықпай, ерлік көрсеткен батыр оқушылары, студенттері қатысты. 04.04.2023 жылы “Жас көшбасшылар” атты желілік Абай мектептерінің мектеп парламенті мүшелері арасында онлайн басқосу өтті. Жиынға мектеп парламентінің мүшелері қатысты.

Жиынның мақсаты — желілік мектептердің өзін-өзі басқару ұйымдарының өзара ынтымақтастығын арттыру, идея алмасу. Мектеп парламенті мүшелері алдағы уақытта

түрлі бағытта онлайн шараларды бірлесе атқарып, мектеп өмірін белсенді әрі қызықты етіп өткізуде жұмыстарды жандандыруды көздейді.

### «Дебаттық қозғалыс» жұмысы

Саяси сауатты, еркін көзқарасы бар, азаматтық қасиеттері мен ұстанымдары дағдыланған, демократиялы қарым-қатынасқа қалыптасқан қоғамдағы тұлғаны өсіріп жетілдіру мақсатында өзін-өзі басқару ұйымы мектеп парламентінің белсенді мүшелерінің басшылығымен «Жаңа ұрпақ» дебат клубы жұмыс жасауда. «Дебаттық қозғалыс» фракциясының басшысы Ким Камила.

Пікір-сайыс қозғалыстарының дамуы кәсіби-шығармашылық және патриоттық тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Пікір-сайысшылар әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін қалыптастырады. Мектеп-интернатының пікір-сайыс клубы бірнеше жылдар бойы табысты жұмыс істеп келеді, мүшелері қалалық, облыстық, республикалық дебат турнирлеріне үнемі белсенді түрде қатысып нәтижесін көрсетуде.

### Ата-анамен жұмыс

Мақсаты: Мектеп ата-аналарымен жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасын, мазмұнын байқап – бағдарлау.

Отбасы мектеппен бірге тәрбиелік ортаның тұтастай негізгі ықпал ету факторларын жасайды. Сондықтан да педагогикалық әрекетте мектептің жалпы міндеттерінің көлемінің тым кеңдігіне қарамастан, ата – аналармен жұмыс жүргізіліп жатыр. Ата-аналарды мектептің білім беру ортасымен, оқушылардың оқу үдерісіндегі жетістіктермен таныстыру, мектептің тәрбие, білім беру жүйесінің оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, дамуына үлес қосуын үйрету мақсатында мектепшілік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңестің құрамы құрылды.

«Қамқоршылық кеңесінің» алғашқы отырысында жұмыс жоспары талқыланып, жұмыс 3 бағыт бойынша жүргізілетін болды:

- 1.Мектепшілік шараларды қолдау.
- 2.Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту .
- 3.Оқушылардың дарындылығын қолдау.

Сыныптардың алғашқы жиналысында мектеп жарғысының қосымшасы «Мектеп ішіндегі оқушыларға қойылатын жалпы талап - ережелер» талқыланды. Талданған мәселелер: оқушыларға не рұқсат етілмейді, мектеп талаптарын орындамайтын оқушылардың ата – аналарымен жүргізілетін жұмыстар, оқушылардың сыртқы келбеті, оқушылардың мектепте өзін ұстауы және т.б. Ата-аналарды ұйымдастырып, мектептің қоғамдық жұмысына белсенділігін арттыру мақсатында сынып тәрбиешілері көп жұмыс атқарды. Олар–сынып ата-аналар жиналыстары, ата-аналарға арналған педагогикалық-

психологиялық сауалнама, тренингтер өткізді. Барлық сыныптарда тәрбие сағаттары, алғашқы ұстаз –ата-ана, оқушылардың күзгі, табиғат аясына серуенге шығу ата-аналардың көмегімен өтеді.

Жатақханада тұратын тәрбиеленушілердің ата-аналарымен сенбі күндері кездесулер ұйымдастырылды. Ата-аналардан отбасындағы балалармен қарым-қатынасын анықтау үшін тест, анкеталар, тренингтер өткізіліп, көзбе-көз жүздесулер өткізілді.

**2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың шығармашылық шараларға қатысу  
НӘТИЖЕЛЕРІ**

№	Конкурстар, жарыстар, фестивальдер мен байқаулар	Оқушының ТӘЖ	Сынып	Алған орны	Жетекшінің ТӘЖ
1.	«Тарихи шежірем. Менің тегімнің тарихы» атты облыстық байқауы	Саркен Айғаным	8	1	Әдей Жайнагүл
2.	«Хабар» Агенттігі «DARYN»	Абжанова Махаббат	11	Апталық жеңімпазы	Алпыспаева С.А.
3.	тележобасының зияткерлік ойыны	Балсеит Елдана	11	Апталық жеңімпазы	Алпыспаева С.А.
4.	«Батырлар жыры-тәрбие көзі» облыстық «Қобыланды батыр» жырын жатқа айту байқауы	Аманжол Аяжан	8	I дәрежелі диплом, 100 мың теңге сертификат	Оңғарбай Жұлдыз
5.	Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару органдары және балалар ұйымдарының көшбасшылары арасындағы «Мен-елімнің ертеңімін» облыстық форумы аясында өткен Мектеп	Әміржан Нұрлы	10	III орын	Кайржанова М.Н. Сюндык А.М.

	парламентінің үздік Президентіне арналған «Көш көсемі» облыстық байқауы				
6.	Облыстық «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының слеті	Дулат Әділхан Құсетов Саян Алдыкова Айна Аманжол Аяжан Амангелді М Құмарбек Е Сашкақызы К Исламбекова А Бұлғанхан Мәди Әбіқан Ә Сері Дияр	8	I орын	Кайржанова М.Н. Сюндык А.М.
7.	«Сәтті бастама» облыстық бизнес-жобалар байқауы	Қайркеш Айым	11	III орын	Шаяхметова С.С.
8.	«Бала құқығы-адам құқығы»	Касенова Дария	9	II орын	Алпыспаева С.А.
9.	республикалық акциясы аясында «Сенің құқықтарың мен міндеттерін» атты облыстық байқауы	Ким Камила	10	II орын	Алпыспаева С.А.
10.	Халықаралық еріктілер күніне орай ұйымдастырылған мектеп оқушылары мен студенттер арасындағы "Jas erikti-2022" байқауы	Башарова Дариға	10	I орын	Кайржанова М.Н.
11.	Республикалық оқулар байқауының	Құмарбек Еркебұлан	8	III орын	Ашимғалиева Т.Ө.
12.	облыстық кезеңі	Қалымтай Айша	10	II орын	Жунусбекова А.
13.	«Елбасы медалі» ерекшелік белгісі иегерлері	Дулатова Алуа Нурмугамбетова Қ Адилбекқызы А	10 11		

14.	Алаштың ардақтысы-асыл Ахаң» атты жас мысал айтушылар сайысы	Аманжол Аяжан	8	«Жігер» номинация	Оңғарбай Ж.
15.	Республикалық «Мамандықтар	Башарова Фариза	8	III орын	Шаяхметова С.С.
16.	элемін ашамыз» форум-конкурсының облыстық байқауы	Қайркеш Наргиз	9	I орын	Шаяхметова С.С.
17.	Жас тарихшылар мен өлкетанушылардың облыстық зерттеу жұмыстар байқауы	Тасболат Мадина	10	Грамота	Алпыспаева С.А.
18.	Облыстық «Әбіш оқулары» байқауы	«Дарын өрендері» театр ұжымы	8,9-сынып	"Сахналық қойылым" номинациясы I орын	Аменова Г.Б. Муратов М.Б.
19.	" LEGO MINDSTIRM EV3 РОБОСУМО" облыстық чемпионаты	Қайролла Әлихан Смагулов Бекзат	10	«Сумо 25×25, 3кг» санаты бойынша III орын	Шарипов А.Б.
20.	Қазақстандық білім беру және спорттық робототехника "КазРоботикс" федерациясы РҚБ Robo ASYQ ATU санатында Ақмола облысы бойынша NatRoboCom қозғалысымен серіктесте өткізілген «KazRoboSport-2023» іріктеу кезеңі	Фархат Лашынтай Саян Құсетов	8	III орын	Шарипов А.Б.
21.	"Robotek Crand Tournament" республикалық	Қайролла Асанәлі Махмет Алаш	8	«Эстафета» санаты	Шарипов А.Б.

	чемпионатының облыстық кезеңі			III орын	
22.	«Жас эрудиттер» облыстық байқауы	Алдыкова Айна	8	Грамота	Оңғарбай Ж.
23.	Республикалық күніне арналған облыстық "Отан қорғаушы" әскери-спорттық жаттығуарын орындау жарысы	Талғат Санжар Сері Дияр Сері Нұрсұлтан Дәуренбек Ұлпан Қайрат Жансая	9-11	II орын	Шокаев А.Е.
24.	Балалардың көркем және сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығы бойынша "Алтын қазына" облыстық көрме байқауы	Қорқытбаева Ділназ	8	II орын	Шаяхметова С.С.
25.	"Әлем әнмен ажарлы" I облыстық жас әншілер байқауы	Рахимова Нұрай	9	Грамота	Каратаев Е.А.
26.	"EVEREST" баспа үйінің дарынды оқушыларың арасындағы тек таңдаулы деген 100 оқушысына арналған "Жыл үздігі" төс белгісі	Тогтау Иманғали	8	"Жыл үздігі" төс белгі	Оңғарбай Ж.
27.	«Экологиялық білім беру және тәрбиелеу» үздік әдістемелік әзірлемелердің облыстық сырттай конкурсы			III орын	Маженова Арайлым Айдарбековна Биология пәнінің мұғалімі
28.	"Отанды қорғауға дайындалу" облыстық байқауы АӘДТ бағдарламасының			III орын	Шокаев Асет Есенжолович АӘДТ оқытушысы

	бөлімдері бойынша тест тапсырмалары				
29.	Облыстық "Бағытымыз айқын, мақсатымыз анық " үздік портфолио байқауы	Дулатова Алуа	10	II орын	Кайржанова М.Н.
30.	Кәріс ұлт өкілдері арасындағы Республикалық "FUTURE LEADER" зияткерлік байқауы	Ким Камила	10	II орын	Торсунова Б.Р.
31.	«Қазақстан балалары шексіз әлемде»	Саркен Айғаным	8	I орын	Кайржанова М.Н.
32.	облыстық кино байқауы	Әміржан Нұрлы	10	II орын	Каратаев Е.А.
33.		Ким Камила	10	III орын	Шаяхметова С.С.

**2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының мазмұны келесі кешенді әрекеттер бойынша орындалды:**

- Озін-өзі басқару «Мектеп Парламенті» балалар ұйымының ұжымдық шығармашылық істері арқылы;
- Педагог-психолог, сынып жетекшілер мен тәрбиешілердің нәтижелі жұмыстары арқылы;
- «Ата-ана, мұғалім, оқушы үштік одағы» ынтымақтастығы арқылы.

**2023-2024 оқу жылына ұсыныстар:**

- Мектептің білім беру сатыларының барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығы жүзеге асыру;
- Ата – аналардың мектеппен байланысын күшейту;
- Мектептегі басқару моделін жетілдіру.
- Қауіпсіз ортада өмір сүруге жағдай жасау, Балалардың құқықтары мен заңды мүдделелерін қорғау,

**5.6. 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жоспары негізінде атқарған тәрбие жұмысының нәтижелі қорытындысы**



2023-2024 оқу жылында мектеп-интернатының тәрбие жұмысының жоспары Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылы 19 қыркүйек №294 бұйрығы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен үш құндылыққа негізделген тәрбие тұжырымдамасы негізінде құрылды.

<http://sc0026.kokshetau.aqmoedu.kz/content/trbie-ghmysyn-iske-asyru-trbie-ghmysyn-ghosparlary>

**Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт** – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

**2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:**

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»**

- Ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

### **Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

#### **Ұлттық мүдде құндылығы:**

- ✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- ✓ Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- ✓ Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- ✓ Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- ✓ Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- ✓ Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- ✓ Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- ✓ Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- ✓ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- ✓ Елінің тарихын құрметтейді
- ✓ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

#### **Ұсыным**

- ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**

- ✓ Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- ✓ Адал еңбекті құрметтеу;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- ✓ Халқына адал қызмет ету;
- ✓ Әдеп нормаларын ұстану;
- ✓ Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- ✓ Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- ✓ Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**

- ✓ Сыни және креативті ойлау;
- ✓ Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- ✓ Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- ✓ Физикалық белсенді болу;
- ✓ Салауатты өмір салтын ұстану;
- ✓ Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- ✓ Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- ✓ Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

**Ұсыным**

- ✓ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- ✓ Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әлауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету. Барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық

мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуда. Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ағымды жылда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттары мен іс-шаралар өткізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық киімді насихаттау және құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында мектеп оқушылары әр жұма сайын білім ордасына ұлттық киіммен келуді дәстүрге айналдырды.

<https://www.instagram.com/reel/C2rY5EFsQgD/?igsh=MXBpeWsxgmt5ejZiaA=>

1 қыркүйек - Білім күніне арналған мерекелік салтанатты жиыны өтті. Мектеп директоры А.Н. Курмашева мектеп ұжымын, ата-аналарды, 7- сынып оқушыларын құттықтап ізгі тілегін білдірді. Салтанатты жиынға Көкшетау ювеналдық полиция бөлімшесінің аға учаскелік инспекторы полиция майоры Сауле Сарбасова Көкшетау қаласы ішкі істер іздестіру бөлімінің полиция майоры Азамат Оразбаев қатысты. С.С. Сарбасова оқушыларға құқықтық сауаттылық бойынша кеңес берді.

<https://www.instagram.com/p/Cwp9dGmM-xm/> «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында тәрбие сағаттары және білім алушылар «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық онлайн акциясына қатысты. Әлеуметтік желілерде «Менің мектебім!» тақырыбында бейнероликтер жарияланды.

Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» іс-шаралар жоспарына сәйкес «Мәңгілік еліміздің-мәңгілік тілі» дөңгелек үстел, «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» көркем сөз байқауы, «Туған құрмет-елге құрмет» челлендж және сайыстар өткізілді. Мектеп оқушылары 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған жалпықазақстандық диктант жазды.

<https://www.instagram.com/reel/CxM9jvqsPjr/?igsh=Y2JIYm9xN3ZoazB1>

<https://www.instagram.com/reel/CxDrNWRsOAT/?igsh=MXRpeHAxb3hkdWs3NA%3D%3D>

Ұлттық мүдде тәрбие құндылығы бойынша «Еңбек күні» мерекесіне орай «Оян, ар мен адалдық», «Адал азамат-әділетті Қазақстан» атты сынып сағаттары, «Тәуелсіздік-теңдесі жоқ байлығым» атты еске алу сынып сағаттары.

<https://www.instagram.com/p/C0vDqwzoEv/> «Ел ертеңі-жастар» және "ТӘУЕЛСІЗДІК-БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ» атты жоспарына сәйкес өзін-өзі басқару ұйымы Мектеп Парламентінің «Дебаттық қозғалыс» фракциясының ұйымдастыруымен 8-10 сынып оқушылары арасында үздік ойын өткізілді. <https://www.instagram.com/p/C0npFNUoxRd/>

<https://www.instagram.com/reel/C2rY5EFsQgD/?igsh=MXBpeWsxgmt5ejZiaA==>

Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету. Өзін-өзі басқару ұйымы мектеп Парламенті ұйымдастыруымен «Жақсылық жасауға асығайық» қайырымдылық тәтті жәрмеңкесі өткізілді. Қайырымды тәтті жәрмеңкенің қорытындысы бойынша: 210500

Жиналған қаражат мектеп қызметкерінің еміне бағытталды.

<https://www.instagram.com/reel/CzmPLdfM5r/?igsh=emVoMW1xYWVtMmFz>

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын асыру мақсатында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекеттілікке ерте тәрбиелеуде «Зорлық зомбылықсыз өмір», «Жолда жүру ережелерін білесің бе?», «Біз жолдағы қауіпсіздікті қолдаймыз!», «Жемқорлыққа жол жоқ», Зорлық-зомбылықтың алдын алу «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Құқықтық мәдениет және оның маңызы» сынып сағаттары өткізілді. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Көкшетау ювеналдық полиция бөлімшесінің аға учаскелік инспекторы полиция майоры С.С. Сарбасова 7-11 сынып оқушыларына «Жасөспірім және заң» тақырыбында құқықтық дәріс өткізді.

<https://www.instagram.com/p/CyVn5rvMlqJ/>

Көкшетау қ. ПБ ЮПБ УИП полиция капитаны Ж.З. Маныбаев құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жатақханада тұратын 7-9 сынып ұлдарына құқықтық сауаттылық сағатын өткізді. <https://www.instagram.com/p/C11FC6IsXcP/> Төтенше жағдайлардың, өрттің алдын алу бойынша оқу жаттығулары. Өзін-өзі басқару ұйымы Мектеп Парламентінің «Құқық және тәртіп» фракциясы ұйымдастыруымен 7-сынып оқушылары арасында «Құқықтық сана, қоғамға пана» зияткерлік байқауын ұйымдастырды.

«Талап, Ар-ұят құндылықтары бойынша «Қарияға қол ұшын соз» жобасы аясында «Қарттарым-асыл қазынам» сыныптан тыс іс-шара, мұғалімдер күніне арналған өзін-өзі басқару «Дублер күні», Халықаралық қыздар күніне арналған іс-шаралар өткізілді.

[https://www.instagram.com/reel/CyDF8\\_TsmOJ/?igsh=MWQyaTA1aXByeTRqaw==](https://www.instagram.com/reel/CyDF8_TsmOJ/?igsh=MWQyaTA1aXByeTRqaw==)

<https://www.instagram.com/reel/Cx7dQ2sspI2/?igsh=MXNoMDhwemNtNWV6cQ%3D%3D>

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Талап, Ар-ұят құндылығы «Бір үйдің баласындай» атты 7-сынып оқушыларының қабылдауына арналған мерекелік кеші ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/CxNEHkVsi-Z/?igsh=MWpzZDM2ZWZ6cDRidg%3D%3D>

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу, салауатты өмір салтын ұстану бойынша «Электрондық темекінің зияны», «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті», «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» сынып сағаттары, «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы сапалы ұлт болашағын қалыптастырудағы жеке тұлғаның салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін арттыру, дене шынықтыруды кеңінен насихаттау мақсатында өзін-өзі басқару ұйымы мен дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Р.Закер, А.Е. Шокаев 7-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік волейбол, баскетбол, «Тоғызқұмалақ-дау», «Асық ату» жарыстарын өткізді.

<https://www.instagram.com/p/C0zcyhssFej/>

<https://www.instagram.com/reel/Cz3QEjvMrVB/?igsh=bDN3NjUxeWfXNG9o>

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы шеңберінде мектеп оқушылары Сергіту сәті, Өнұран айту, Асық ату, Шығарма жазу: болашаққа хат, Қазақ есебі, Оқуға құштар мектеп, Домбырашылар, Шахмат ойнау челленджіне белсене қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/CyzBiqwMtqK/?igsh=Z2xpMTJlbDdqOWo1>

<https://www.instagram.com/reel/CyzBiqwMtqK/?igsh=Z2xpMTJlbDdqOWo1>

<https://www.instagram.com/p/C2jo1qcszUG/>

«Ар-ұят» құндылығы бойынша академиялық адалдық қағидатын сақтау, моральдық нормаларды сақтау, адал еңбекті құрметтеу, шешім қабылдау және жауапкершілік сезімін қалыптастыру, өз сөздері мен істеріне адал болу, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне мейірімділік пен құрмет көрсету, отбасының ар-намысына қамқорлық жасау, отбасы алдында жауапкершілікті сезіну, сынып, мектеп, қоғам, ел «Әкеге - ізет, анаға-құрмет», «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Саналы ұрпақ» тақырыбында іс-шаралар өтті.

Мектеп оқушылары арасында өзін – өзі басқару ұйымын жандандыру мақсатында «Мектеп Парламенті» құрамын жасақтау үшін оқушылар арасында сайлау жүргізілді. Нәтижесінде «Мектеп Парламенті» Президенті болып 10-сынып оқушысы Сері Дияр сайланды.Өзін-өзі басқару ұйымының өткізген іс-шаралары Парламенттің [parliament of darynschool/](https://www.instagram.com/p/Cy6C1RsMF2h/) жеке инстаграм парақшасында жарияланып отырады.

<https://www.instagram.com/p/Cy6C1RsMF2h/>

Ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық орта орнату мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жоспарына сәйкес іс-шаралар, кездесулер, сабақтар, ата-аналарға арналған педконсилиумдер, ашық есік күндері ұйымдастырылды. Жалпы ата-аналармен өткізілген іс-шаралар ата-аналар мен мектеп арасындағы байлынысты нығайтып, ата-ана, оқушы, мұғалімдер арасындағы қарым-қатынастың терең тамырлануына жол ашып, өте көңілді, сәтті, ойдағыдай өтеді.

<https://www.instagram.com/reel/CyoeOAzstXI/?igsh=cWl1bWNscDMwdXRx>

<https://www.instagram.com/reel/CzzDon7MjCS/?igsh=ZmYzYWZkOHI1dzR0>

Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығының жұмысы шеңберінде "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты науқаны аясында 7а, 7в, 8а, 8б сынып жетекшілері – Кульмагамбетова Жадра Амангельдиевна, Караманова Гүлнұр Мақсетовна, Даулеткалиева Толқын Болатбековна, Сағатай Айдана Асқарқызы, педагог-психолог –Рысмаганбетова Айдана Муратована ұйымдастыруымен ата-аналар жиналысы өткізілді

. <https://www.instagram.com/reel/CzzDon7MjCS/?igsh=ZmYzYWZkOHI1dzR0>

<https://www.instagram.com/reel/CytTOOr9sdDN/?igsh=MWpyNG5kbDhINjljeQ==>

"Оқушы, ата-ана, ұстаз тиімді қарым-қатынас " тақырыбындағы жаңа форматтағы жалпы ата-аналар жиналысын 11- сынып жетекшілері өткізді.

<https://www.instagram.com/reel/CytTOr9sdDN/?igsh=MWpyNG5kbDhNjljeQ==>

Алғыс күніне орай өзін-өзі басқару ұйымы Мектеп Парламенті ата-аналарға мерекелік концерт ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/p/C3-xrfsMGjD/>

<https://www.instagram.com/reel/Cy6C1RsMF2h/?igsh=MXI5OWo0amhnZ21zZA%3D%3D>

Оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің балалар омбудсмендері бастамашылық еткен «ДосболLIKE» бағдарламасын іске асыру мақсатында «ДосболLIKE: достық қолын ұсын» акциясы аясында көңілді үзілістер, тренингтер, КВН өткізілді

[https://www.instagram.com/p/C2w\\_7RhMyG4](https://www.instagram.com/p/C2w_7RhMyG4)

[https://www.instagram.com/p/C3A\\_Gg9szdz/](https://www.instagram.com/p/C3A_Gg9szdz/)

Наурыз мерекесін жаңаша мерекелеу мақсатында “НАУРЫЗНАМА” ОНКҮНДІГІ – ҰЛТ МЕЙРАМЫ жоспарына сәйкес ұлттық мұраның сан алуандығы мен халық бірлігін ұштастыра отырып, қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі мен мәдениетінің көрінісі болып табылатын іс-шаралар ұйымдастырылды.

[https://www.instagram.com/p/C4fUyT4M\\_iY/](https://www.instagram.com/p/C4fUyT4M_iY/)

2023-2024 оқу жылында оқушылардың шығармашылықтарын дамыту мақсатында үйірмелер жұмыс жсауда.

<http://sc0026.kokshetau.aqmoedu.kz/content/krughkovaya-rabota>

### 2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың шығармашылық шараларға қатысу

#### НӘТИЖЕЛЕРІ

№	Конкурстар, жарыстар, фестивальдер мен байқаулар	Оқушының ТӘЖ	Сынып	Алған орны	Жетекшінің ТӘЖ
1.	«Менің Отаным – менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауы	Базарқұл Мадияна	8	2	Әдей Ж
2.		Саркен Айғаным	9	3	Темірбек И.Т.
3.		Каиржанова П.	9	2	Кайржанова М.Н.
4.		Касенова Дария	10	2	Кайржанова М.Н.
5.		Әбу Ғалия	11	2	Әдей Ж
6.		Тлеулин Нұртас	11	1	Әдей Ж
7.		Дулатова Алуа	11	1	Әдей Ж
8.	Мектеп парламентінің үздік Президентіне	Исламбекова Аружан	10	III орын	Кайржанова М.Н. Сюндык А.М.

	арналған «Көш көсемі» облыстық байқауы				
9.	Республикалық «Менің Отаныма – менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауы	Дулатова Алуа	11	I	Әдей Ж
10.	«Театрдың ғажайып әлемі» облыстық театр өнері байқауы	Имантай Жансұлу	8	«Образды үздік бейнелеу номинациясы диплом	Аменова Г.Б.
11.	«Табиғат-тірішілік көзі» облыстық экологиялық олимпиадасы	Саяхат Қырмызы	10	I орын	Маженова А.А.
12.	Республикалық «Біртұтас тәрбие бағдарлаамсы» негізінде ұйымдастырылған «Өнегелі өмір» эссе байқауы	Қосай Мерей	8	Алғыс хат	Ахат А.Д.
13.	«BRAIN BATTLE» роботтарды құрастыру және бағдарламалау бойынша облыстық сайысы	Сәду Мейрам Махмет Алаш	9	3	Шарипов А.Б.
14.	Робототехникадан Robotek Grand	Құсетов Саян Лашынтай Фархат	9	1	Шарипов А.Б.
15.	Tournament 2024 чемпионатының облыстық іріктеу кезеңі	Құмарбек Еркебұлан Дулат Әділхан	9	2	
16.		Сәду Мейрам Махмет Алаш	9	3	
17.	«Менің Отаныма – менің бастамам» облыстық	Қадыржан Балым	8	I	Асан А.Е.
18.		Қайркеш Наргиз	10	1	Қайржанова М.Н.
19.		Базарқұл Мадияна	8	2	Әдей Ж



20.	шығармашылық жобалар байқауы	Саркен Айғаным	9	2	Темірбек И.Т.
21.		Серикова Дильназ	8	2	Әдей Ж
22.		Башарова Дариға	11	2	Әдей Ж
23.		Қабақбай Томирис	9	3	Кайржанова М.Н.

### 3 жыл жетістіктері

	Республикалық	Облыстық	Абай желісі бойынша республикалық конкурстар
<b>2021-2022</b>	4	58	10
<b>2022-2023</b>	9	42	17
<b>2023-2024</b>	1	21	1
	14	121	28

### SWOT – талдама. Тәрбие жұмыстарына талдама

<p><b>Ішкі мықты жақтары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Сынып жетекшілері үнемі ізденіс үстінде</li> <li>➤ Оқушылардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірме жұмыстарын ұйымдастыру</li> <li>➤ Басқаларға үлгі болады. Парламент жұмысы (оқушылардың өзін-өзі басқару)</li> </ul>	<p><b>Ішкі осал тұстары</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Тәрбиелік іс-шараларды сапалы өткізуге сай материалдық - техникалық мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі</li> <li>➤ Ата-аналардың мектепшілік шараларға қатынасу, ата-аналар тарапына кері тарту әсері</li> </ul>
---	---

<p><b>Қолайлы мүмкіндіктер</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, тәрбие жұмысының түрлері мен әдістерін енгізу.</li> <li>➤ Мектепте өткізілген іс-шараларды әлеуметтік желіге уақытылы жариялау негізінде ата-аналарды мектеп өміріне қызықтыру.</li> <li>➤ Жалпы қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін іздеу.</li> </ul>	<p><b>Шектеу қою, қауіп немесе тәуекел ету мүмкіндіктері</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Қосымша жұмыстардың көпболуы.</li> <li>➤ Түрлі әлеуметтік желілердегі зиянды әрекеттерді ашық жариялауы өскелең ұрпақтың азаматтық сана-сезімінің қалыптасуына теріс әсері.</li> <li>➤ Ата-аналардың мектеппен байланысқа құлықсыз болуы, жұмыстан босамауы (аудан, ауылда тұруына байланысты)</li> </ul>
---	---

### 5.7 2021-2022 оқу жылында жүргізілген жұмыстарының есебі

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды

<b>Жалпы оқушылар саны</b>	201	100%
<b>Аз қамтылған отбасылар туралы ақпарат</b>		
Барлығы	0 оқушы	100%
АӘК алатын отбасынан	0 оқушы	
Аз қамтылған	0 оқушы	
<b>Отбасы бойынша ақпарат</b>		
Толық отбасынан оқушылар	172 оқушы	85 %
Толық емес отбасынан оқушылар	21 оқушы	10 %
Ана тәрбиесіндегі	9	4 %
- ажырасып кеткен		
- әкесі қайтыс болған		
Әке тәрбиесіндегі	1	
- ажырасып кеткен	0	

- анасы қайтыс болған	0	
<b>Көпбалалы отбасынан</b>	69 оқушы	34 %
Жетім балалар/ААҚҚБ(ОБПР)	0	
Мүгедек балалар	0	
ІБ ЮІБ есебінде тұратын оқушылар	0	
Мектеп есебінде (бақылауында) тұрған оқушылар	0	
<b>Ата – аналардың білімі</b>		
Жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім	172	85%
Техникалық және кәсіби	82	40%
Орта білім	211	104%

Мектепте әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

Қалалық ІБ есебінде тұрғандар – 0

Құқық бұзушылық жасаған оқушылар - жоқ.

Ата-ананың қамқорлығынсыз, қалған балалар- жоқ.

Отбасында қиын жағдайға тап болған балалалар - жоқ.

### 2022-2023 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік паспорты

<b>Жалпы оқушылар саны</b>	204	100%
<b>Аз қамтылған отбасылар туралы ақпарат</b>		
Барлығы	3 оқушы	1,4%
АӘК алатын отбасынан	3 оқушы	
Аз қамтылған	3 оқушы	
<b>Отбасы бойынша ақпарат</b>		
Толық отбасынан оқушылар	186 оқушы	91,1 %
Толық емес отбасынан оқушылар	18 оқушы	8%
Ана тәрбиесіндегі	9	4 %
- ажырасып кеткен		
- әкесі қайтыс болған		
Әке тәрбиесіндегі	1	
- ажырасып кеткен	0	
- анасы қайтыс болған	0	

<b>Көпбалалы отбасынан</b>	75 оқушы	36,7%
Жетім балалар/ААҚҚБ(ОБПР)	0	
Мүгедек балалар	0	
ПБ ЮПБ есебінде тұратын оқушылар	0	
Мектеп есебінде (бақылауында) тұрған оқушылар	0	
<b>Ата – аналардың білімі</b>		
Жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім	173	84%
Техникалық және кәсіби	126	61%
Орта білім	93	45%

Мектепте әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

Қалалық ПБ есебінде тұрғандар – 0

Құқық бұзушылық жасаған оқушылар - жоқ.

Ата-ананың қамқорлығынсыз, қалған балалар- жоқ.

Отбасында қиын жағдайға тап болған балалалар - жоқ.

## **5.8. Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балалаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты**

### **01.03. 2024 жылының әлеуметтік педагогтың атқарылған жұмысының анықтамасы**

Әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің №472 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

**Мақсаты:** Баланың жеке басының дамуына қолайлы жағдай жасау.

**Міндеттері:**

- Оқушылар ұжымындағы әлеуметтік-психологиялық жағдайды жақсарту;
- Қамқорлықтағы балаларды, денсаулығы бұзылған, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды табысты әлеуметтендіруге ықпал ету;
- Оқуда, қарым-қатынаста, бейімделуде қиындықтары бар балаларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету;
- Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өмірлік маңызды міндеттерді шешуге үйрету, оқушыларды әлеуметтік маңызды іс-әрекетке қосу;
- Ата-аналарға консультациялық көмек көрсету және баланың әлеуметтік-педагогикалық проблемаларын шешу және тәрбиелеу мәселелерінде олардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- Ата-аналарға, оқушыларға құқықтық білім беру.

**I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:**

<b>Жалпы оқушылар саны</b>	203	100%
<b>Ұл бала</b>	85	
<b>Қыз бала</b>	118	
<b>Аз қамтылған отбасылар туралы ақпарат</b>		
Барлығы	2 оқушы	1%
АӘК алатын отбасынан	2 оқушы	
Аз қамтылған	2 оқушы	
<b>Отбасы бойынша ақпарат</b>		
Толық отбасынан оқушылар	184 оқушы	91 %
Толық емес отбасынан оқушылар	18 оқушы	9%
Ана тәрбиесіндегі	15	7,5%
- ажырасып кеткен	7	2,6%
- әкесі қайтыс болған	10	4,2%
Әке тәрбиесіндегі	1	100 %
- ажырасып кеткен	0	
- анасы қайтыс болған	1	
<b>Көпбалалы отбасынан</b>	80 оқушы	39%
Жетім балалар/ААҚҚБ(ОБПР)	0	
Мүгедек балалар	0	
ІІБ ЮІБ есебінде тұратын оқушылар	0	
Мектеп есебінде (бақылауында) тұрған оқушылар	0	

<b>Ата –аналардың білімі</b>		
Жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім	157	73%
Техникалық және кәсіби	115	53%
Орта білім	135	63%

**II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы.** Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық ұйымдастырылды.

**III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.** Мектептің әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0

Тәуекел топтағы оқушылар – 0.

Қалалық ПБ есебінде тұрғандар – 0.

**IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.**

Ата-ананың қамқорлығынсыз, қалған балаларға мектеп интернатта - жоқ.

Отбасында қиын жағдайға тап болған балалар – жоқ

Дарынды оқушының шығармашылық деңгейін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдіс - тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Мектебімізде дарынды балаларға жеке жоспар жаслынған, олимпиадаларға, республикалық байқауларға үнемі белсенді қатысады. Мектеп психологі оқушылармен тренинг өткізіп отырады.

**V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.**

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әкемен тұратын оқушы саны- 4

Өгей анасымен тұратын оқушы саны- 0

Өгей әкемен тұратын қыз бала -3

Өгей әке мен тұратын ұл бала-1

Өгей әке мен тұратын оқушылардың жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда.

Мектеп психологы оқушыларды өз бақылауында ұстап отырды.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

#### **VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.**

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Сыныптағы қарым-қатынас», «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнама нәтижелері шығарылып, қорытындыланды. Білім алушылардың әлеуметтік паспорты жасалынды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;
2. Сынып жетекшілерге ата–анамен дұрыс–қарым–қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;
3. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.

### **5.9. Психологиялық қызмет есебіне сараптамалық талдау/2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары**

**Психологиялық-педагогикалық қызметінің мақсаты:** оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету.

**Міндеттері:** оқушының тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру; психологиялық диагностиканы жүргізу және шығармашылық қабілетінің ашылып, оқу-білімге деген оңтайлы көзқарасының қалыптасуына, кәсіби бағдар беруді жүйелі ұйымдастыру; психологиялық қиыншылықтар мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру; білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау; педагогикалық, әлеуметтік психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге кеңестік көмек көрсету.

#### **Психологиялық-педагогикалық жұмыстың негізгі бағыттары:**

- психодиагностика (жеке тұлғаның ерекшелігін, танымдық әрекетінің ерекшелігін, ішкі келіспеушіліктің мазмұнын зерттеу);

- психологиялық түзету, дамыту (сынып сағаттары, тренинг, психологиялық сабақтар);
- психологиялық алдын-алу (психодиагностикалық зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес, ата-ана жиналысында алдын алу ақпараттар, семинар, іс-шаралар өткізу);
- психологиялық ағарту және кеңес беру (мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық кеңес беру; ата-аналарға оқушылардың білім және тәрбие алуына байланысты кеңес беру; оқушылардың арасында кездесетін келіспеушілік пен келіссөздерге дәнекер болу, психикалық және физикалық саулығын алдын алу дәріс беру, семинар өткізу)
- Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс;
- Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер.

### Психологиялық қызметтің статистикалық есебі:

Оқу жылы	Диагностика лау	Түзету-дамыту жұмысы	Профилактика және психологиялық ағарту	Кеңес беру	Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс	Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер
2021-2022	20	12	10	40	8	2
2022-2023	20	12	10	40	9	2
2023-2024	15	10	8	35	5	1

### Әр оқу жылы келесідегі іс-шаралар жоспарға сәйкес орындалды:

1) Оқу жылының басынан бастап мектепке келген 7 сынып оқушыларымен жұмыс ұйымдастырылды. Жаңадан келген 7 сынып оқушыларының бейімделу процессін, жақынырақ танысу және жағымды қарым-қатынас туғызу, әрқайсысымен тіл табысып, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін байқау мақсатында «Танысайық бұл- мен»тренингі жүргізілді.Тренингке 7 «а», «б», «в» сыныптары 45 оқушы қатысты. \7-сынып оқушыларының темпераментін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді Сауалнамаға 45 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша флегматик- 75,3%, сангвиник- 14,7%,меланхолик-4,5% ,холерик-5,5% оқушы анықталды.





- 2) 7-10 сынып оқушыларының ата-аналарымен **«Құндылықтар-бақытты отбасының негізі»** атты жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында бейімделу кезінде неліктен қиындықтар пайда болатыны туралы әңгіме және кеңестер, оқушының мектепте білім алуға бейімделудегі ата-анаға кеңестер, ата-аналар үшін нейро-психологтардың ұсыныстары, ата-аналар жасөспірімге ағзаның есеу процесімен пайда болатын физиологиялық өзгерістерді жеңуге көмектесу жолдары, жақсы ата-анаға қажетті 8 қасиет, психологиялық сүйемелдеу жұмысы туралы ата-аналардың келісімі туралы таныстырылды.
- 3) 8 «а», «б» сынып оқушыларымен өзі-өзін бағалауды жоғарлату, коммуникативті дағдыларын әрі қарай өрбіту, сабақ оқуға деген қызығушылықты арттыру, кез келген қиындыққа басқа көзбен қарап, өз мақсаттына жетуді көздеуге үйрету мақсатында **«Өзіңе сен»** атты тренинг өткізілді. Тренингке 40 оқушы қатысты.
- 4) Бейімделуді анықтау мақсатында 7 сынып оқушыларынан **Дж.Мореноның социометрия әдістемесі** өткізілді. Әдістемеге 45 оқушы қатысты. Ұжымдағы қарым-қатынасқа еленбеген - 4 оқушы, көшбасшы – 6 оқушы, шығармашылық топқа еленбеген- 3 оқушы анықталды. Сынып ұжымындағы қарым-қатынаста елеусіз қалған оқушыларды іс-шараларға қатыстырып, қарым-қатынаста қолдау көрсету туралы педагог-ұйымдастырушыларға ұсыныс-кеңес айтылды.
- 5) Жылдық жоспарға сәйкес мектеп ұжымымен және тәрбиешілермен психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді. Ұжым арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, эмоционалды жігер беру, бір-бірін кеңірек танып білу мақсатында **«Біз біргеміз-берік іргеміз»**, **«Қарым-қатынас жарастығы»**, **«Мейірімді болса жүрек-орындар тілек»**, **«Ашулы шар»** атты тренингтер өткізілді және психологиялық қолдау мен кеңестер берілді.
- 6) 7-11 сынып оқушыларының мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында **«Филипс»** әдістемесі жүргізілді. Зерттеуге 200 оқушы қатысты. Зерттеу нәтижесі бойынша мазасыздық деңгейі орташа-**25,5%**, мазасыздық деңгейі төмен -**74,5%**, мазасыздық

деңгейі жоғары оқушылар анықталмады. Мазасыздық деңгейі орташа оқушылармен жеке әңгіме жүргізіліп, ұсыныс-кеңестер берілді.



- 7) 11 сынып оқушыларының кәсіби бағдары, ҰБТ-ға, мемлекеттік емтиханға психологиялық дайындығын анықтау, кәсіптік мінез-құлық типін анықтау сауалнама-тест өткізілді, қорытындысы бойынша кәсіби бағдар, психологиялық типі жайында топтық, жеке ұсыныс-кеңестер берілді. 50 оқушы қатысты. 11 сынып ПҰ-лары және оқушыларға «ҰБТ-ға, қорытынды аттестаттауға психологиялық дайындықтың тиімді жолдары» тақырыбында емтихан тапсыру барысында, өмірде оқушы бойындағы өз күшіне сенімділігін арттыру мақсатында тренингтер, психологиялық дағдыларын өңдеу мақсатында жадынама және кеңестер ұсынылды.
- 8) 8-11 сынып оқушыларына «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқаны аясында «Балалар арасында зорлық-зомбылықтың түрлерін алдын алу жолдары» тақырыбында дәріс оқылды. Дәріс барысында психикалық өмір қауіпсіздігін, жыныстық тиіспеушілікті және құқық бұзушылықты алдын алу жайында дәріс оқылып, құнды ақпараттар мен ұсыныс-кеңестер берілді. Бейне материал көрсетілді.
- 9) Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығының жұмысы шеңберінде **«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»** атты науқаны аясында 7-8 сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өткізілді. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі және балаға ең маңызды ол дұрыс бағдар және жылы сөздер екенін түсіндіру мақсатында тренинг жүргізілді.
- 10) 9-11 сынып, қалалық пәндік олимпиадаға қатысатын оқушылармен «Жетістікке жол» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында олимпиадаға психологиялық дайындықтың тиімді жолдары ұсыныс-кеңестер,

сенімділік және белсенділікке ұмтылдыратын мотивациялық ойын-жаттығулар өткізілді.

- 11) 9-10 сынып оқушыларының өзіне деген сенімділіктерін арттыру мақсатында «сен жалғыз емессің» тренинг өткізілді. Тренингке 74 оқушы қатысты.
- 12) «КОМЕКТИMES» бағдарлама аясында мұғалімдермен семинар өткізілді. Қатысушылармен жақынырақ танысып, жақсы ахуал орнатуға және топтық жұмыстарға ортақтасып жұмыс істеу мақсатында тренинг өткізілді.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті КеАҚ, Ақмола облысы облыстық білім басқармасының бірлескен келісімі бойынша "XXI ҒАСЫРДЫҢ ЖАС ПСИХОЛОГТАРЫ" атты мектеп оқушыларының құрама командалары, колледждің студенттері, магистранттардың қатысуымен облыстық байқау өтті.

- Байқауда Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) мамандандырылған мектеп-интернатының 10 «в» сынып оқушысы *Альжанов Асанали* эссе байқауында **II-ОРЫНҒА** ие болды.
- 10 «б» сынып оқушылары *Ким Камила және Орынбаева Гауһар* қабырға газеті байқауында **II-ОРЫНҒА** ие болды.
- 9 «а» сынып оқушылары *Аманжол Лаура және Исламбекова Аружан* «Интернетке тәуелділік» тақырыбында бейнебаян дайындаған үшін **III-орынға** ие болды.
- 10 «в» және «б» сынып оқушылары *Әбу Ғалия мен Башарова Фариза* «Буллинг пен Кибербуллинг. Оның түрлері және алдын-алу жолдары.» атты баяндаманы дайындаған үшін **III-орынға** ие болды және осы баяндамалары кітап бетіне жарық көрді.
- Барлық бағыттар бойынша команда **I- ОРЫНҒА** ие болды.

#### 5.10. Мектеп кітапханасының 2021-2022 оқу жылында жасалған жұмысының аналитикалық есебі.

##### Кітапхананың басты мақсаты:

1. Кітаппен жұмыс үдерісінде балаларды азаматтық сезімге тәрбиелеу, рухани шығармашылық ұстанымдарын ашу;
2. Оқушылардың оқу және оқу мәдениетін қолдау;
3. Оқушыларды оқуға тарту;
4. Кітапханаға жаңа оқырмандарды тарту.

### **Кітапхананың басты міндеті:**

1. Педагогтар мен оқушылардың өзіндік білімдерін шыңдау мен оқу – тәрбие үдерісінде ақпараттық–құжаттық қолдауды қамтамасыз ету;
2. Оқушыларда ақпараттық мәдени және оқу мәдениетін қалыптастыру;
3. Оқуға деген уәждеме мен кітапқа деген құрметке тәрбиелеу;
4. Оқушыларда тұлғаның өздігінен дамуын , өзін– өзі ұстау мәдениетін, адамгершілікке тәрбиелеу жөніндегі әдебиеттерді насихаттауға назар аударуды күшейту;
5. Ақпараттық– кітапханалық қызмет көрсетудің сапасын арттыру;
6. Ұлтжандылық, табиғатты сүйу, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға әсер ету.

### **Кітапхана жұмысының басты бағыттары:**

1. Кітапханадан ақпарат алуға педагогтарға, оқушыларға, олардың ата – аналарына әдістемелік көмек беру;
2. Білім берудің жаңа құралдары туралы педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер туралы ақпарат алуда мұғалімдер үшін жағдай жасау;
3. Кітап оқу, баспаларды қарау, компьютерлік бағдарламалармен жұмыста мұғалімдер мен оқушыларға жағдай жасау;
4. Қордың жинақталуы мен сақталуын қамтамасыз ету.

### **Негізгі бақылау көрсеткіштері**

<b>Жылдық көрсеткіш</b>	<b>2021-2022</b>
<b>Кітап қоры</b>	52755
<b>Кітап беру саны</b>	3272
<b>Келу саны</b>	1454
<b>Оқырмандар саны</b>	226



### Оқулықтармен жұмыс

Мектеп кітапханасының жалпы кітап қоры- **52755**.

2021-2022 оқу жылында 8, 9, 10 сыныптарға оқулықтар келіп түсті, оқулық және көркем әдебиет саны саны **538**.

Қазіргі таңда оқушылар пайдаланып отырған оқулықтар Алматы кітап, Атамұра, Мектеп, EDUStream, Oxford, Келешек 2030, Арман ПВ, TOO InterPress Distribution, Самғай Біл баспаларының оқулықтарын пайдалануда.

Оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуі бойынша сараптама.

Биылғы оқу жылындағы

7 сынып оқушылар саны 40 оқулықпен 100%

8 сынып оқушылар саны 33 оқулықпен 100%

9 сынып оқушылар саны 50 оқулықпен 100%

10 сынып оқушылар саны 44 оқулықпен 100%

11 сынып оқушылар саны 30 оқулықпен 100% қамтамасыз етілді

Берілген кітап саны: **4861**.

Мектеп- интернатының оқушылары 100 пайызға оқулықтармен қамтамасыз етілді.

### Оқулықтармен қамтамасыздандыру кестесі

Оқу жылы	Келіп түскен оқулық саны (көркем әдебиет)	Оқушы саны	Қамтылған пайыз көрсеткіші
2021-2022	538	197	100%

### Өткізілген іс - шаралар

Қ.Р. Президенті Қасым -Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар- ел өркендеуінің берік негізі » жолдауы бойынша көрме.
Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Қазақтың ұлы ақыны» тақырыптық көрме.
Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай 8-сынып оқушыларымен «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда» оқырман сағаты өтті.
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Біз оқитын 30 кітап Тәуелсіздікке кітап Тәуелсіздікке 30 жыл» атты көрме ұйымдастырылды. «Тәуелсіздік – тұғырым» зияткерлік ойыны.
А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ахмет атамыздың мысалдарын ең көп білетін бала!» деп аталатын әдеби ойын.
Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына «Жыр алыбы – Жамбыл » тақырыбында көрме ұйымдастырылып, оқушыларымыз өлеңдерін оқыды.
Төлеген Айбергеновтың 85 жылдығына орай 9 сынып оқушыларымен «Бір тойым бар...» тақырыбында танымдық сағат өткізілді.
Қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті қоғам қайраткері Ғабит Мүсіреповтың 120 жылдығына 7 сынып оқушыларымен «Ананың анасы» әңгімесі бойынша дөңгелек үстел өткізілді.
«Өлкеме Наурыз келді!» атты кітап көрмесін ұйымдастырдық. Көрмеге Наурызнама, Қазақтың киіз үйі, Қазақтың ұлттық киімдері, Ұлттық салт – дәстүрлі сынды кітаптар қойылды. 7 сынып оқушыларымен викториналық сұрақ - жауап ойыны өткізілді.
7 сыныптар арасында «Кітаптағы сүйікті кейіпкерлеріңіздің суретін салып көріңіз» суреттер конкурсы өтті. Конкурс нәтижесі бойынша Мекенбек Ақмарал марапатталды.
«Рухани жаңғыру» жобасы аясында «Жақсы кітап-жан азығы» облыстық сырттай конкурсына қатысып, 3 орынды иелендік.

Оқу жылы ішінде оқырмандарға 100% кітапханалық қызмет көрсетілді.

### **Мектеп кітапханасының 2022-2023 оқу жылында жасалған жұмысының аналитикалық есебі.**

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп, біліктілігін

арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Ол – мектептің жүрегі, ажырамас бір бөлігі іспетті. Мынау келген жаңа заман, компьютер заманы болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті шаңырағы – кітапхана.

### **I. Кітапхананың басты міндеті:**

1. Педагогтар мен оқушылардың өзіндік білімдерін шыңдау мен оқу – тәрбие үдерісінде ақпараттық–құжаттық қолдауды қамтамасыз ету;
2. Оқушыларда ақпараттық мәдени және оқу мәдениетін қалыптастыру;
3. Оқуға деген уәждеме мен кітапқа деген құрметке тәрбиелеу;
4. Оқушыларда тұлғаның өздігінен дамуын , өзін– өзі ұстау мәдениетін, адамгершілікке тәрбиелеу жөніндегі әдебиеттерді насихаттауға назар аударуды күшейту;
5. Ақпараттық– кітапханалық қызмет көрсетудің сапасын арттыру;
6. Ұлтжандылық, табиғатты сүйу, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға әсер ету.

### **Кітапхана жұмысының басты бағыттары:**

1. Педагогтарға, оқушыларға, олардың ата – аналарына әдістемелік көмек беру; Кітапханадан ақпарат алуға
2. Білім берудің жаңа құралдары туралы педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер туралы ақпарат алуға мұғалімдер үшін жағдай жасау; Білім берудің жаңа құралдары
3. Компьютерлік бағдарламалармен жұмыста мұғалімдер мен оқушыларға жағдай жасау; Кітап оқу, баспаларды қарау,
4. Қордың жинақталуы мен сақталуын қамтамасыз ету. Қордың жинақталуы мен


### **Қызмет мазмұны және ұйымдастырылуы.**

Кітапхана қызметі ережеге сай атқарылады. Келіп түскен оқулықтарға, әдебиеттерге, тіркелген оқырмандарға статистикалық есеп жүргізіліп отырады. Бұл есеп кітапхана қорының қозғалысы мен оқырмандардың құрамын, санын айқындайды, кітап беру және библиографиялық жұмыстың мөлшерін айқындауға мүмкіндік береді.

### **Негізгі бақылау көрсеткіштері**

Жылдық көрсеткіш	2022-2023
------------------	-----------

<b>Кітап қоры</b>	51132
<b>Кітап беру саны</b>	3442
<b>Келу саны</b>	1495
<b>Оқырмандар саны</b>	273



### Оқулықтармен жұмыс

Мектеп кітапханасының жалпы кітап қоры **51132**.

2022-2023 оқу жылында 11 сыныптарға оқулықтар келіп түсті, оқулық және көркем әдебиет саны **917**.

Қазіргі таңда оқушылар пайдаланып отырған оқулықтар Алматыкітап, Атамұра, Мектеп, EDUStream, Oxford, Келешек 2030, Арман ПБ, TOO English book, TOO InterPress Distribution баспаларының оқулықтарын пайдалануда.

Оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуі бойынша сараптама.

Биылғы оқу жылындағы

7 сынып оқушылар саны 30 оқулықпен 100%

8 сынып оқушылар саны 42 оқулықпен 100%

9 сынып оқушылар саны 38 оқулықпен 100%

10 сынып оқушылар саны 51 оқулықпен 100%

11 сынып оқушылар саны 44 оқулықпен 100% қамтамасыз етілді

Берілген кітап саны: **4414**.

Мектеп- интернатының оқушылары 100 пайызға оқулықтармен қамтамасыз етілді.



## Оқулықтармен қамтамасыздандыру кестесі

Оқу жылы	Келіп түскен оқулық саны (көркем әдебиет)	Оқушы саны	Қамтылған пайыз көрсеткіші
2022-2023	917	205	100%

### Өткізілген іс - шаралар

<p>Қазақстан Республикасы халқының Тілдер күні мерекесіне арналған "Тіліміздің теңдігі- ұлтымыздың елдігі" атты онкүндігі жоспары негізінде, мектеп кітапханасында қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түріктанушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған "Тіл мерейі – ел мерейі" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.</p>
<p>Республикалық балалар оқуы байқауының мектепшілік кезеңі өткізілді. 7-8 сыныптар арасында:</p> <p>1 - орын Құмарбек Еркебұлан 2 – орын Башарова Фариза Махмет Алаш</p> <p>3 – орын Тогтау Иманғали Саркен Айғаным Қайржанова Перизат</p> <p>9-10 сыныптар арасында:</p> <p>1 – орын Қалымтай Айша 2 – орын Базей Шұғыла Дулатова Алуа</p> <p>3 – орын Орынбаева Гаухар Тельман Ұлжан Егінбаева Жанерке</p>
<p>Мұхтар Ауезовтың туғанына 125 жыл ақпараттық сағат</p>
<p>Қалалық орталық кітапханмен бірлесіп «Отбасы тәрбие көзі» танымдық сағаты</p>

өткізілді
Мағжан Жұмабаев атындағы кітапханада Республикалық балалар оқуы байқауының облыстық кезеңі болды. Байқау нәтижесі бойынша 2- орын Қалымтай Айша, 3- орын Құмарбек Еркебұлан иеленді.
Мәншүк Мәметованың 100 жылдық мерейтойына орай оқушыларымызға «Үзілген моншақ» деректі фильмі көрсетілді
«Оқуға құштар мектеп» Республикалық жобасын іске асыру шеңберінде «Кел, бірге оқиық!» 20 минут оқыда, 3 минут эссе жаз кітап акциясы өткізілді
«Өзім оқып шықтым, сағанда оқуға кеңес беремін» READx жобасы ұйымдастырылды
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханамызда көптеген оқу сағаттары өткізілді: «Сөз сұлтаны - Сұлтанмахмұт» оқу сағаты; «Мұхтар Шаханов -тіл жанашыры» оқу сағаты; Шерхан Мұртазаның 90 жылдығына орай «Жүректен маржан іздеген» оқу сағаты; Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған «Алтайдың асқақ жыршысы» оқу сағаты; Сырбай Мәуленовтың 100 жылдығына арналған «Сыршыл жырдың атасы» оқу сағаты; Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» оқу сағаты; Ғабит Мүсіреповтың 120 жылдығына арналған «Көркемсөздің шебері» оқу сағаты; Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған «Мағжан – ұлы ақын» шығармашылығын насихаттау оқу сағаты; Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына «Ахмет- ұлы ұстаз » тақырыбында оқу сағаттары өткізілді.
Халықаралық кітап сыйлау күні.
14-ші ақпан - Халықаралық кітап сыйлау күні аясында «Кітаптар достарын іздейді» мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы өз достарына және мектеп кітапханасына кітап сыйлады.
7-8 сыныптар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің үйдегі кітапханам» тақырыбында бейнероликтер байқауын ұйымдастырдық. Байқау нәтижесі бойынша 1 – орын Айтқожа Ерасыл, 2 – орын Әнуар Румия, 3 – орын Сәрсен Айғаным марапатталды.
Сәуір айында Халықаралық балалар кітап күніне орай доспар бойынша апталық өткізілді. Апталықтың ашылуына орай «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.
«Анамның сүйікті кітабы», «Әкем оқыған кітап» бейнероликтер конкурсында Мұхамеджан Тәңірберген 1 –орынды иеленді.
«Менің өмірімді өзгерткен кітап» эссе конкурсы бойынша 1 -орын 7 «Б» сынып оқушысы Бегзан Зерде марапатталды

«Ең үздік оқырман сынып» 7 «А» сынып оқушылары ең үздік нәтиже көрсетті

«Ең үздік оқырман» номинациясы бойынша 1- орын 7 «А» сынып оқушысы Амирбеков Ерсайын, 2 – орын Шахман Аяжан, 3- орын Тельман Ұлжан марапатталды.

### **Көпшілік жұмыс.**

Кітапхана жұмыс жоспарына сәйкес көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Кітапхана жаңа заманға сай жұмыс атқарады. Оқырмандардың қызығушылығын арттыру мақсатында қызықты жұмыс түрлерін қолдануға тырысамыз. Соның бірі **Reading time** жобасы. Осы жоба бойынша оқушыларымыз Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерін, Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» шығармасын, Қабдеш Жұмаділовтың «Қаздар қайтып барады» әңгімесін, Шекспирдің «Ромео и Джульетто» шығармасы, Ғабит Мүсіреповтың «Ананың анасы» әңгімесін, Куприннің «Гранатовый браслет» туындысын, М.Иманжановтың «Алғашқы айлар» повестіндеуыстап оқыды.

Оқу жылы ішінде оқырмандарға 100% кітапханалық қызмет көрсетілді.

### **Жалпы қорытындылар.**

1. Кітапхананың барлық жұмысы кітапхананың жұмыс Күнделігінде, мүлік және жиынтық есебі кітаптарында, жыл сайынғы жоспарлар мен есептерде көрсетілген;
2. Пайдаланушыларға қажетті ақпараттық материалдарды ұсыну бойынша мектеп кітапханасы жұмыс көлемін орындайды;
3. Кітапхананың педұжыммен және білім алушылармен өзара байланысы байқалады;
4. Кітапхана қорын көркем әдебиет, оқу әдебиеттер: сөздіктер, энциклопедиялармен толықтыру қажет;
5. Оқырмандар белсенділігін барлық оқушылар арасында пән мұғалімдерімен және ата-аналарымен бірлесе жұмыс жүргізу арқылы жетілдіру;
6. Ақпараттың қолжетімділігі мен сапасына, оқырмандарға қызмет көрсету сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыру;
7. Оқушылар мен мұғалімдермен жұмыс барысында көмекке Интернетті кең пайдалану;

